**"Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасын іске асыру туралы және жобалар бойынша әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 131/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 шілдеде № 9557 тіркелді

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Әкімшілік деректерді жинауға арналған мынадай нысандар бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асырудың барысы туралы мәліметтер;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы шеңберіндегі жобалар бойынша мәліметтер.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне (бұдан әрі - Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің интернет – ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Комитет осы бұйрықты облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдерінің құрылыс мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарларына жұмыс үшін назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің орынбасары С. Нокинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр Б. Жәмішев*

*«Келісілді»*
*Қазақстан Республикасы*
*Статистика агенттігінің*
*төрағасы*
*____________ Ә. Смайылов*

*2014 жылғы 1 мамыр*

Қазақстан Республикасы
Өңірлік даму министрінің
2014 жылғы 12 мамырдағы

№ 131/НҚ бұйрығына 1-қосымша

## «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асырудың барысы туралы мәліметтер

Есеп беру кезеңі 20___ жылғы______ айы
Индекс: Ф-1 ДЖ – 2020
Мерзімі: ай сайын
Ұсынылатын тұлғалар тобы: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары
Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
Ұсыну мерзімі: ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 6-күні.

| № р/с | "Қолжетімді тұрғын үй-2020" бағдарламасы шеңберіндегі бағыттардың атауы | өлшем бірлігі | Іс-шараларды қаржыландыру | | | | іске қосудың көзделген көлемі | | | | нақты іске қось |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Барлығы, млн. теңге | аударылды, млн. теңге | игерілді, млн. теңге | игеру % | барлық қаржыландыру қорлары есебінен | | оның ішіндер республикалық бюджет, Ұлттық қор есебінен | | барлық қаржыландыру көздерінің есебінен, тұрғын үйдің жалпы алаңы, мың шаршы метр |
| | | | | | | | үйлердің жалпы алаңы, мың шаршы метр | | пәтерлердің жалпы алаңы, мың шаршы метр | пәтерлердің саны | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | | 9 | 10 | 11 |
| | ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР БАРЛЫҒЫ: | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 1 | Халықтың барлық саннатары үшін кредиттік тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 2 | Жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 3 | Жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| | "Қазақстандық ипотекалық | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | компаниясы" ИҰ АҚ арқылы сатып алу құқығы бар жалға берілетін тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 5 | Авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберіндегі тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 6 | Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша тұрғын үй салу | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 7 | Жеке тұрғын үй құрылысы | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 8 | Коммерциялық тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 9 | " Самұрық-Қазына " жылжымайтын мүлік қоры АҚ арқылы тұрғын үй | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |
| 10 | Басқалар* | млн. теңге | | | | | | | | | |
| | | шаршы м2 | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| № п/п | Бағыттың атауы | өлшем бірлігі | Барлығы, млн. теңге | аударылған, млн. теңге | игерілген, млн. теңге | игеру % | Электрмен жабдықтау | | орталықтандырылған жылыту | | сум жабд |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жоспар | нақты | жоспар | нақты | жосп |
| | | | | | | | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| | БАРЛЫҒЫ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының дамуы: | млн. теңге, км | | | | | | | | | |
| 11 | "Қолжетімді тұрғын үй - 2020" бағдарламасы бойынша инженерлік инфрақұрылымның дамуы | млн. теңге, км | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Серіктес қалаларды дамыту | млн. теңге, км | | | | | | | | | |
| 13 | Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту | млн. теңге, км | | | | | | | | | |

* - жергілікті бюджет, ведмоствалық, шетелдік кәсіпорындар есебінен және т.б.

Мекеме атауы: ______________________________________

Мекенжайы: __________________________________________

тел. _________________________________________________

Электрондық адресі: ________________________________

Орындаушы, аты-жөні және тел.: ___________________

Басшы, аты-жөні және қолы: ________________________

Күні «___» __________, 20___ жыл М.О.

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды толтыру бойынша түсіндірме**

**«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асырудың барысы туралы мәліметтер**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсініктеме әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды (бұдан әрі – нысан ) толтыру бойынша біріңғай талаптарды анықтайды және ұсыным сипатында.

2. Есеп беру нысаны өсу нәтижесімен бірінші берілген есеп негізінде толтырылады және ұсынылады.

3. Есеп нысанын жетекшілік ететін өңір әкімінің орынбасары, ол жұмыста болмаған уақытта оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанада реттік нөмірі көрсетіледі

5. 2-бағанада Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын іске асыру туралы бағыттардың атауы.

6. 3-бағанда өлшем бірліктері көрсетіледі.

7. 4-бағанда қаржы жылына бөлінген қаражаттың сомасы көрсетіледі.

8. 5-бағанда есеп беру кезеңінде аударылған сома көрсетіледі.

9. 6-бағанда есеп беру кезеңінде игерілген сома көрсетіледі

10. 7-бағанда игеру пайызы көрсетіледі (6-баған /5-баған*100).

11. 8-бағанда есептік жылы тұрғын үйді іске қосу жоспарында көзделген үйлердің жалпы алаңы көрсетіледі.

12. 9-бағанда есептік жылы тұрғын үйді іске қосу жоспарында көзделген пәтерлердің жалпы алаңы көрсетіледі.

13. 10-бағанда есептік жылы іске қосу жоспарында көзделген пәтерлердің саны көрсетіледі.

14. 11-бағанда есепті жылы қаржыландырудың барлық көздері есебінен іске қосылған үйлердің жалпы алаңы көрсетіледі.

15. 12-бағанда үйлердің жалпы алаңының жоспары бойынша іске қосылған пайыз көрсетіледі (11-баған/8-баған*100).

16. 13-бағанада есепті кезеңде іске қосылған пәтерлердің жалпы алаңы көрсетіледі.

17. 14-бағанада есепті кезеңде іске қосылған енгізілген пәтерлердің саны көрсетіледі.

18. 15-бағанада пәтерлердің жалпы алаңының жоспарына іске қосу пайызы көрсетіледі (13-баған/9-баған*100).

19. 16-бағанада есепті жылы электрмен жабдықтау желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

20. 17-бағанада есепті кезеңде электрмен жабдықтау желілері құрылысының нақты көлемі көрсетіледі.

21. 18-бағанада есепті кезеңде орталықтандырылған жылыту желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

22. 19-бағанада есепті кезеңде орталықтандырылған жылыту желілері құрылысының нақты көлемі көрсетіледі.

23. 20-бағанада есепті кезеңде сумен жабдықтау желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

24. 21-бағанада есепті кезеңде сумен жабдықтау желілері құрылысының нақты көлемі көрсетіледі.

25. 22-бағанада кәріз желілерін салу жылдық жоспарының көлемі көрсетіледі.

26. 23-бағанада есепті кезеңде кәріз желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

27. 24-бағанада есепті кезеңде газбен жабдықтау желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

28. 25-бағанада есепті кезеңде газбен жабдықтау желілері құрылысының нақты көлемі көрсетіледі.

29. 26-бағанада есепті кезеңде кірме жолдар желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

30. 27-бағанада есепті кезеңде кірме жолдар желілері құрылысының нақты көлемі көрсетіледі.

31. 28-бағанада есепті кезеңде телефон орнату желілері құрылысының жоспарлы көлемі көрсетіледі.

32. 29-бағанада есепті кезеңде телефон орнату желілері құрылысының нақты көлемі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Өңірлік даму министрінің
2014 жылғы 12 мамырдағы
№ 131/НҚ бұйрығына
2-қосымша

## «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының жобалары туралы мәліметтер

Есеп беру кезеңі 20__жылғы _______ айы
Индекс: Ф-2 ДЖ – 2020
Мерзімі: тоқсан сайын
Ұсынылатын тұлғалар тобы: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары
Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күні.

| № р/с | Объекті атауы | Жобаның сметалық бағасы | Келісім шарт бойынша бағасы (ЖАЛПЫ) | _____ жылға дейін игерілді | ______ жыл (республикалық бюджет) | | жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру | Ауыспалы қаржы қалдығы | Тұрғын үйді пайдалануға беру, мың шаршы метр (есептік кезеңде) | | Пәтер саны (есептік кезеңде) | | Мемлек комисси № жәнe Мемлек сараптa қорыты № және |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қаралды | нақты игерілді | | | жоспар | нақты | жоспар | факт | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |

Мекеме атауы: ________________________________________
Мекенжайы: ___________________________________________
тел. _________________________________________________
Электрондық адресі: _______________________________
Орындаушы, аты-жөні және тел.: ____________________
Басшы, аты-жөні және қолы: _________________________
Күні «___» _________, 20___ жыл М.О.

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған**
**нысандарды толтыру бойынша түсіндірме**

**«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы шеңберіндегі жобалар бойынша мәліметтер**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсініктеме әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды (бұдан әрі – нысан ) толтыру бойынша біріңғай талаптарды анықтайды және ұсыным сипатында.
2. Есеп беру нысаны өсу нәтижесімен бірінші берілген есеп негізінде толтырылады және ұсынылады.
3. Есеп нысанын жетекшілік ететін өңір әкімінің орынбасары, ол жұмыста болмаған уақытта оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2. Есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанада реттік нөмірі көрсетіледі
5. 2-бағанада Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын іске асыру туралы бағыттардың атауы.
6. 3-бағанада Мемлекеттік сараптама қорытындысы бойынша жобаның сметалық құны көрсетіледі.
7. 4-бағанада тапсырыс беруші (облыс (қала, аудан) құрылыс басқармасы мен мердігерлік ұйымның арасындағы мемлекеттік сатып алу жөніндегі шартқа сәйкес жобаның сомасы көрсетіледі.
8. 5-бағанада есептік кезеңде өткен жылы игерілген қаражаттың сомасы көрсетіледі.
9. 6-бағанада қаржы жылы республикалық бюджетте көзделген қаражаттың сомасы көрсетіледі.
10. 7-бағанада есептік кезеңде республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың игерілген сомасы көрсетіледі.
11. 8-бағанада жергілікті бюджеттен қаржыландыру көзделген қаражат сомасы көрсетіледі.
12. 9-бағанада келесі қаржы жылына өтетін қаражаттың сомасы көрсетіледі (5-баған, 6-баған, 8-баған).
13. 10-бағанада есептік жылы іске қосу жоспарында көрсетілген тұрғын үй көрсетіледі.
14. 11-бағанада есептік жылы іске қосылған пәтерлердің жалпы алаңы көрсетіледі.
15. 12-бағанада есептік жылы тұрғын үйді іске қосудың жоспарында көзделген

пәтерлердің саны көрсетіледі.

16. 13-бағанада есепті кезеңде іске қосылған пәтерлердің саны көрсетіледі.

17. 14-бағанада Мемлекеттік сараптама қорытындысының нөмірі немесе объектілерді пайдалану беру актісінің нөмірі көрсетіледі.

18. 15-бағанада есепті кезеңде бөлінген қаражатты игермеу себептері көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК